

Астана қаласы әкімдігінің  
«Қалалық мониторинг және  
жедел әрекет ету орталығы»  
ШЖҚ МКК басшысының  
бұйрығына 1 қосымша  
«28» 06 2024 жыл  
№ 12-02-18/86

**Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет  
ету орталығы» ШЖҚ МКК қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылғаны немесе  
бұзылу ықтималдығы туралы хабарлау  
ТӘРТІБІ**

Астана, 2024 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер .....	3
2. Терминдер мен анықтамалар .....	3
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылғаны немесе мүмкін болатын бұзылуы туралы хабарлау тәртібі .....	4
4. Қорытынды ережелер .....	6
1 қосымша	
2 қосымша	
3 қосымша	

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Астана қаласы әкімдігінің "Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы" ШЖҚ МКК қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылғаны немесе бұзылу ықтималдығы туралы хабарлау тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

1.2 Тәртіп Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылғаны немесе мүмкін болатын бұзылуы туралы кәсіпорын қызметкерлерінің хабарлау алгоритмін белгілейді.

## 2. Терминдер мен анықтамалар

**Сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өз қызметтік өкілеттіктері мен оларға байланысты мүмкіндіктерін жеке немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сондай-ақ осы адамдарды игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың зардаптарын жою жөніндегі қызметі.

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы әрекет (әрекетсіздік).

**Сыбайлас жемқорлық қаупі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың пайда болу мүмкіндігі.

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

**Пара** – лауазымды адамның, шетелдік лауазымды адамның немесе халықаралық қоғамдық ұйымның лауазымды адамының жеке өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе ол ұсынатын адамдардың пайдасына іс-әрекеттер жасағаны (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік түрінде немесе мүліктік сипаттағы заңсыз қызметтер көрсетілгені, өзге де мүліктік құқықтар берілгені үшін алуы, егер мұндай іс-әрекеттер (әрекетсіздік) лауазымды адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не лауазымды жағдайына байланысты осындай іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, сондай-ақ жалпы қамқорлығы немесе қызметі бойынша заңсыз әрекеттерге жол беруі.

**Кәсіпорын** – Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК.

**Қызметкер** – Кәсіпорынмен еңбек қатынасында тұрған жеке тұлға.

**Комплаенс офицер** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету қызметін орындайтын Кәсіпорын қызметкері.

ҚР – Қазақстан Республикасы.

**Хабарлама** – қызметкердің ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылғаны немесе мүмкін болатын бұзылуы және/немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу фактілері туралы хабарламасы.

### **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуы фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі**

3.1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалғаны туралы ақпаратқа ие қызметкер бұл туралы тікелей басшыға және Комплаенс офицеріне ауызша түрде немесе Кәсіпорындағы ақпараттық стендте орнатылған «Сенім телефоны» байланыс нөміріне қоңырау шалу арқылы дереу хабарлауға міндетті.

3.2. Тікелей басшы мен Комплаенс офицеріне хабарлағаннан кейін, осы Тәртіптің №1 қосымшасына сәйкес Кәсіпорын басшысының атына жазбаша Хабарлама дайындап, онда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалғаны туралы қолда бар ақпаратты егжей-тегжейлі баяндау қажет, содан кейін хабарламаны қарау үшін Кәсіпорын басшысына жіберу керек.

Алынған Хабарламаны Кәсіпорын басшысы Комплаенс офицеріне қарауға жібереді.

Хабарламада міндетті түрде келесі мәліметтер болуы керек:

- хабарламаны жіберген адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, тұрғылықты жері және телефоны;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасалған немесе жасалуы мүмкін жағдайлардың сипаттамасы (күні, орны, уақыты, басқа жағдайлар);

- кәсіпорын қызметкері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауы керек болған егжей-тегжейлі мәліметтер;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелеген адам туралы барлық белгілі мәліметтер (жеке немесе заңды тұлға);

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелеудің тәсілі мен жағдайлары, сондай-ақ ұсынысты қабылдаудан бас тарту (келісу) туралы ақпарат.

Барлық Хабарламалар осы Тәртіптің №2 қосымшасына сәйкес Кәсіпорынның арнайы журналында міндетті түрде тіркелуі керек.

Кәсіпорын журналын жүргізу міндеті Комплаенс офицеріне жүктеледі.

Алынған мәліметтердің құпиялылығы Кәсіпорын басшысы және Комплаенс офицері арқылы қамтамасыз етіледі.

Анонимді Хабарламалар қарауға қабылданбайды.

3.3. Егер Кәсіпорын басшысы мен Комплаенс офицерінің одан әрі әрекеттері немесе әрекетсіздігі Қызметкердің күмәнін туғызса немесе Қызметкер Кәсіпорынның басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы ақпаратқа ие болса, Қызметкер сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органға жазбаша түрде немесе қысқа нөмірі 1424 Call-орталығына қоңырау шалу арқылы хабарласуға құқылы.

3.4. Кәсіпорын басшысы және Комплаенс офицері Қызметкерден алынған Хабарлама бойынша келесі шараларды қабылдауға міндетті:

- кәсіпорын басшысының бұйрығымен қызметтік тергеу тағайындалады, оны Комплаенс офицері жүргізеді;

- қызметтік тергеу мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы керек;

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 24-бабына сәйкес Қызметкердің Кәсіпорын басшысы және Комплаенс офицеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлау мақсатында өтініш беру туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданады (осы Тәртіптің №3 қосымшасына сәйкес көрсетілген ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасалған жағдайда);

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылу фактісі немесе ықтимал бұзылуы, сондай-ақ дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы құжаттарды, аудио және бейне жазбаларды, интернет және СМС хабарламаларды және т.б. сақтау бойынша шаралар қабылдануы тиіс;

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу фактісі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі расталған жағдайда, Комплаенс офицері қызметтік жазбада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша шаралар қолдану немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қорғау органдарына ақпарат беру бойынша Кәсіпорын басшысына ұсыныстар береді. Қызметтік тергеу аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде белгіленген заңнамалық тәртіпте;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органмен келісім бойынша Қызметкердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауының салдарын жою бойынша шаралар қабылданады.

3.5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де көмек көрсететін (көрсеткен) Қызметкер Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Заңына сәйкес мемлекеттің қорғауында болады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған Қызметкерді көтермелеу сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

3.6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған Қызметкер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көмек көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасқан жағдайда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарламаны қарау нәтижесінде қабылданған шешім туралы ақпарат алуға құқылы.

#### **4. Қорытынды ережелер**

4.1. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар ішкі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібіне сәйкес енгізілуі мүмкін.

4.2. Кәсіпорын Кәсіпорынға белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы тиісті құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті.

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық  
мониторинг және жедел әрекет ету  
орталығы» ШЖҚ МКК  
қызметкерлерінің Қазақстан  
Республикасы сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы заңнамасының  
бұзылғаны немесе  
бұзылу ықтималдығы туралы  
хабарлау тәртібіне № 1 қосымша

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылғаны немесе  
бұзылу ықтималдығы туралы**

**ХАБАРЛАМА**

1. \_\_\_\_\_  
(қызметкердің қызметтік міндеттерін орындау кезінде қандай да бір тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына итермелеу мақсатында қызметкерге жүгінген жағдайлар туралы ақпараттың сипаттамасы) (күні, орны, уақыты, басқа шарттар)
2. \_\_\_\_\_  
(қызметкерден сұраған тұлғалар тарапынан жасалуы тиіс сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы егжей-тегжейлі ақпарат)
3. \_\_\_\_\_  
(сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығына итермелеген жеке (заңды) тұлғалар туралы барлық белгілі мәліметтер) туралы хабарлаймын.

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_  
(күні)

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылғаны немесе бұзылу ықтималдығы туралы хабарлау тәртібіне № 2 қосымша

### Тіркеу журнал

Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарламалары

№	Тіркеу күні	Хабарлаушы туралы мәліметтер (аты-жөні, лауазымы)	Хабарламаның қысқаша мазмұны	Тексеріс жүргізу туралы шешім (күні, нөмірі)	Тексеру нәтижелері бойынша қабылданған шешім
1.					
2.					
3.					



Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылғаны немесе бұзылу ықтималдығы туралы хабарлау тәртібіне № 3 қосымша

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көмек көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы Келісім**

Мен, \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ басшысы ретінде, ақпараттың (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың мәні немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көрсетілген өзге де көмектің мәні) (бұдан әрі – құпия ақпаратты)

құпиялылығын сақтау мақсатында \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органның/ұйымның атауы)  
жоғары басшысына және (немесе) басшылығына жария етпеуге міндеттенемін.

Мен құпия ақпаратты жария еткенім үшін қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылатыным туралы ескертілгенімді растаймын. Осы Келісім Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз әрекет етеді.

Осы Келісім мемлекеттік немесе орыс тілінде екі данада жасалған, олардың әрқайсысы Тараптар үшін бірдей заңды күші бар.

Тараптардың мекенжайлары, реквизиттері және қолдары

1-Тарап:

2-Тарап:

\_\_\_\_\_  
Ұйымның атауы \_\_\_\_\_  
Байланыс телефоны \_\_\_\_\_  
Лауазымы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)  
Байланыс телефоны \_\_\_\_\_  
Лауазымы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ә.)